

## Қазақ КСР-нің халық әртістері Ахмет Жұбановтың және Латиф Хамидидің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 мамырдағы N 438 Қаулысы

Қазақ КСР-нің халық әртістері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, қазақ музыкасы мәдениетінің негізін қалаушылары, композиторлар Ахмет Жұбановтың және Латиф Хамидидің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақ КСР-нің халық әртістері Ахмет Жұбановтың және Латиф Хамидидің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі республикалық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақ КСР-нің халық әртістері Ахмет Жұбановтың және Латиф Хамидидің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 23 мамырдағы  
N 438 қаулысына

қосымша

**Қазақ КСР-нің халық әртістері Ахмет Жұбановтың және Латиф Хамидидің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі республикалық комиссияның құрамы**

Ертісбаев	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі, төраға
Ермұхамет Қабиденұлы	
Сағындықов	- Ақтөбе облысының әкімі
Елеусін Наурызбайұлы	
Тасмағамбетов	- Алматы қаласының әкімі
Иманғали Нұрғалиұлы	
Шөкеев	- Астана қаласының әкімі
Өмірзақ Естайұлы	
Әлиев	- Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі
Арыстанбек	
Мұхамедиұлы	

- Күзембаев Валерий Әлібекұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Өнер департаментінің директоры
- Әлпиев Төлеубек Нығметұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "К. Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры және көркемдік жетекшісі
- Әубәкірова Жәния Яхияқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы" мемлекеттік мекемесінің ректоры
- Еркімбаев Серік Жексембекұлы - "Қазақстан композиторлар Одағы басқармасы" қоғамдық бірлестігінің төрағасы
- Мұсақожаева Айман Қожабекқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Қазақ ұлттық музыка академиясы" мемлекеттік мекемесінің ректоры
- Оразғалиев Қуаныш Ғабидоллаұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 23 мамырдағы  
N 438 қаулысымен

бекітілген

**Қазақ КСР-нің халық әртістері Ахмет Жұбановтың және Латиф Хамидидің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

р/с N	Іс-шаралар атауы	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Қаржылан- дыру көзі	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6

1	Ахмет Жұбановтың туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой салтанаттарын өткізу (Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларында)	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларының әкімдері	2006 жыл бойы	Республикалық бюджет, жергілікті бюджет	5440,5 23800,0
2	Латиф Хамидидің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой салтанаттарын өткізу (Астана, Алматы қалаларында)	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларының әкімдері	2006 жылғы қыркүйек, 2006 жылғы шілде, 2006 жылғы тамыз	Республикалық бюджет, Астана қаласының жергілікті бюджеті, Алматы қаласының жергілікті бюджеті	4445,3 850,0 1500,0
3	Ақтөбе қаласында Ахмет Жұбановтың 100 жылдығына республикалық ғылыми-практикалық конференция	Ақтөбе облысының әкімі	2006 жылғы сәуір-мамыр	Жергілікті бюджет	500,0
4	Ахмет Жұбанов шығармаларынан компакт-диск шығару (1000 дана)	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2006 жыл бойы	Республикалық бюджет	859,5
5	Латиф Хамидидің шығармаларынан компакт-диск шығару (500 дана)	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2006 жыл бойы	Республикалық бюджет	682,7
6	Ахмет Жұбановтың Ақ көгершін вокалдық шығармаларын басып шығару (көлемі 25 баспа табак)	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2006 жыл бойы	Республикалық бюджет	2000,0
7	Латиф Хамидидің таңдамалы вокалдық шығармаларын	Қазақстан Республикасы Мәдениет	2006 жыл бойы		2000,0

	басып шығару (көлемі 25 баспа табақ)	және ақпарат министрлігі		Республикалық бюджет	
8	Ақтөбе қаласында Ахмет Жұбановтың ескерткішін ашу	Ақтөбе облысының әкімі	2006 жыл бойы	Жергілікті бюджет	85000,0
9	Ахмет Жұбановтың және Латиф Хамидидің 100 жылдығына арналған почта маркаларын шығару	"Қазпочта" акционерлік қоғамы	2006 жыл бойы	Демеушілік қаражаттар	189,0
10	Ақтөбе облысы Мұғаджар ауданында Ахмет Жұбановтың мұражай экспозициясының ғимаратын жөндеу, материалдар жинау және кеңейту	Ақтөбе облысының әкімі	2006 жыл бойы	Жергілікті бюджет	25000,0
11	Ахмет Жұбановқа арналған деректі фильм жасау	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2006 жыл бойы	Республикалық бюджет	3000,0
12	Жиыны:			Республикалық бюджет жергілікті бюджет демеушілік қаражат	18428,0 136650,0 189,0